



МҰРАТ ҚАЗАЛЫ

№65
(2236)
Сәрсенбі
31 шілде
2024 жыл

Газет
2003 жылдың
5 қаңтарынан
шығады



Аймақтық
ақпараттық-
танымдық
басылым

ҚЫЗЫЛОРДА ОБЛЫСЫНА ТАРАЙТЫН ГАЗЕТ

ОБЛЫСТЫҚ МӘСЛИХАТТЫҢ ТӨРАҒАСЫ АУДАНҒА КЕЛДІ

Облыстық мәслихаттың төрағасы Мұрат Тілеуімбетов жұмыс сапарымен Қазалы ауданына келіп, «Руханият орталығы» ғимаратының құрылысымен және аудан орталығындағы абаттандыру жұмыстарымен танысты.

Алдымен аудан орталығында салынып жатқан «Руханият орталығы» ғимаратының құрылыс жұмыстарын көрді. Қазіргі таңда ғимараттың жер қазу жұмыстары жүргізілуде. Мәслихат төрағасы Сыр еліндегі барлық аудан орталықтарында аймақ басшысының қолдауымен салынып жатқан бұл нысанның құрылысы сапалы әрі өз мерзімінде аяқталуы керектігін айтты.

Айта кетейік, «Руханият орталығының» құрылысын



«АСАР» жауапкершілігі шектеулі серіктестігі салуда. Мұнан кейін М.Тлеумбетов Әйтеке би кентіндегі «Жеңіс» саябағы мен Орталық алаңға барып, онда жүргізілетін абаттандыру жұмыстарының жобасымен танысты. Бұл жөнінде Мұрат Жолкелдіұлына

аудандық мәслихаттың төрағасы Ғазиз Әліш пен аудан әкімінің орынбасары Күнтілес Назымбеков айтты берді. Алдағы уақытта жоспарға сәйкес Әйтеке би кентіндегі Орталық алаң қайта жаңғырып, «Жеңіс» саябағы ішінде ойын және спорт алаңдары, бассейн, түрлі демалыс орындары және басқа да тұрғындардың бос уақыттарын тиімді өткізу бағытында бірқатар нысандардың құрылысы жүргізілмек.

Облыстық мәслихаттың төрағасы аудан орталығын аралау барысында Жанқожа батыр көшесінің бойындағы аудан әкімдігі ғимаратының алдына жүргізіліп жатқан абаттандыру жұмыстарын да көрді.

ҚАЗАЛЫ ҚАЛАСЫНДА МЕШІТ ЖАНЫНАН 300 АДАМҒА АРНАЛҒАН АСХАНА АШЫЛДЫ



Қазалы қаласындағы Мірәлім мешітінің жанынан көптің қолдауымен салынған 300 адамға арналған асхана пайдалануға берілді.

Асхананың ашылу салтанатына аудан әкімінің орынбасары Дәурен Тлеумбетов, аудандық ардагерлер кеңесінің төрағасы Оразғали Бекпанов, Жанқожа батыр атындағы орталық мешіттің бас имамы Нұрдаулет Нәби және демеуші азаматтармен қала тұрғындары қатысты.

Игі шарада аудан әкімінің орынбасары Дәурен Тлеумбетов сөз сөйлеп, көпшіліктің қолдауымен ауызбіршілігінің арқасында салынған мешіт асханасының ашылуымен

құттықтап, ізгі лебізін жеткізді. Сондай-ақ асхана құрылысына белсене атсалысқан бірқатар азаматтарға аудан әкімінің «Алғыс хатын» табыстады.

Сонымен қатар, аудандық аудандық ардагерлер кеңесінің төрағасы Оразғали Бекпанов пен ауданның бас имамы Нұрдаулет Нәби сөз алып, игі іске атсалысқан барша азаматтарға алғысын айтты.

Алдағы уақытта мешіт жанындағы асхана тұрғындарға құдайы ас, ауызашар беру, хатым бағыштау, құран оқыту сынды шараларды мешіт имамдарымен бірге шариғат талаптарына сай өткізуге мүмкіндік береді.

ТАЗАЛЫҚ АКЦИЯСЫ ЖАЛҒАСЫН ТАБУДА



Қазалыда әр сенбі сайын өткізілетін «Таза Қазақстан» экологиялық акциясы аясында көркейту, көгалдандыру, санитарлық тазалық жұмыстары барлық кент, қала және ауылдық округ аумақтарында жалғасты.

Сенбілік жұмыстары барысында аудан орталығы – Әйтеке би кентіндегі Т.Бөрқұлақов, С.Мұқанов, Желтоқсан, Ғабдуллин, Қ.Ерімбет сынды орталық көшелермен 5 квартал аумағындағы Жетес би алаңы күл қоқыстар мен шөптерден тазартылды. Тазалық жұмыстары барысында жиналған қоқыстар мен шабылған шөптер техникалар арқылы арнайы орындарға

шығарылды.

Аудан орталығындағы тазалық жұмыстары жүргізіліп жатқан 7 аймақты аудан әкімі Мейрамбек Шермағанбет аралап көріп, әрбір аймақтың жетекшілеріне өз аумақты бойынша тазалық барысындағы кемшіліктер бойынша бірқатар тапсырмалар жүктеді.

Айта кетейік, бүгінгі республикалық акция аясында аудан көлемінде өткен сенбілік жұмыстары барысында бей-берекетсіз шашылып жатқан 24 тонна қоқыс тазаланып, арнайы орындарға шығарылды.

Қазалы ауданы әкімдігінің баспасөз қызметі

●Термеші, жыршы Әмітжан Бөрікұлақовтың туғанына – 100 жыл

ТЕКТИНІҢ ТҰЯҒЫ, АСЫЛДЫҢ СЫНЫҒЫ

Соғыс және кәсіподақ қызметінің ардагері, республика, облыс көлеміне жыршы, термешілік өнерімен кезінде кеңінен танылған талант иесі, ардақты азамат, марқұм Әмітжан Бөрікұлақовты жас күнімен танытын едім десем артық айтқандығым емес. Өйткені мен ардагер ағаның ортаншы баласы Базаралымен бірге «Аранды» аулындағы №25 орта мектептің 1-ші класының табалдырығын аттап, ұстаздардан білім нәрімен сусындадық. Үй арасы да жақын, Базаралыға еріп үйіне барғанымда ағамыздың оңаша бөлмеде домбыраға қосылып, жыр, терме айтып отыратынын көріп, оның мазмұнын терең зерделеуге шамамыз жетпесе де балалық әуестікпен арда азаматтың өнерге жақындығын аңдап, сезетінбіз. Десе де ол кісі біз үшін нақтырағы кластас досымыздың әкесі, қандай қызмет атқаратынында шаруамыз қанша. Ойынмен басталатын өміріміз мектепте білім алуға ұласып, қатал ұстазымыз Дербісалы Дәленовтың еріксіз тұқыртып оқытуымен білім бұлағымен сусындадық. Есейе келе құрдасымыздың әкесі майданда соғысқа қатысқан батырлардың бірі екенінен де хабардар болдық. Енді соған тоқталайық.

Кешегі Кеңестер Одағының кезінде тоқыраған қазақ аулы күштеп ұйымдастырумен колхозға бірігіп, әрі –сәрі күйді бастан кешіріп, қиындықтарды жеңіп, ел еңсесі енді ғана көтеріле бергенде «соғыс» деген суық сөз жүректерді мұздай қарып, ел аралап желдей есті. Есті адамның бәрі есеңгіреді, шарасыздық танытып күйзелді. Жүректер шермен мұңға толып, деседе ақылдылардың ақыл-парасатымен елдегілер қиындыққа төзбек керек екенін ертерек аңғарды. Алдымен ересек естияр азаматтар майданға алынып, кезек жастарға да келді.

Әмітжан аға майданға қатарластарымен бірге 1942 жылы аттанды. Өмірмен өлім тайталасқан, ажал сәт сайын төбеден қалғымай бағып тұрған от-жалынның ортасына топ ете түсті. Ойлануға мұрша бермес, жан ышқынтқан алапат сәттерді бастан кешірді. Бірақ тез шырықты. Ауыл баласы бұл соғыстан аман қалудың екі талай екенін жанымен ұғып, тек жаумен аянбай айқасып, үстем болуды ғана санада саралап үлгерді. Жасында хат танығаны себеп болды да кіші командирлер даярлайтын курсқа алынып, кіші лейтенант шенімен взвод командирі ретінде жауынгерлерді бастап қайта жаумен шайқасқа араласты. Қанды қырғында жау оғы бірнеше рет денесін жара-лап, госпитальда емделіп, шыбын жанын сауғалап жатты. Алайда өмірден көрер қызығы таусылмаған екен, қайтадан қатарға қосылды. Ажал мен өмір тайталасқанда тағдырының бұйдасын сығымдай ұстап, өмірге құштарлығы жеңіп

шықты. «Қырық жыл қырғын болсада ажалды өледі» деген рас екен. Майдангер аға «Жеңіс» деген сүйінші хабарды Белоруссия жерінде естіп, қуаныштан шаттанған. Десе де бұларды әскерде қалдыра тұруға бұйрық шықты. Елге қайту жөніндегі ыстық ықылас уақытша тежелгенімен, бейбіт өмірді көңілге тоқ санады.

Әскерде уақытша қалу біздіңше айтқанда Әбекең ағамыздың тағдырын өзгертті, болмаса тосын шешімге келуіне себеп болды. Аға лейтенант шеніндегі Әмітжан Бөрікұлақов майдандағы жорықтар кезінде көкіректе махаббат шоғын үрлеп маздатқан, мейіркеш болып қызмет атқарған көгілдір көзді сүйкімді орыс қызы Клавдиямен ұлтының бөлек екеніне қарамастан сүйіп табысты. Бейбіт өмірдегі қауыштар, кездесулер, сырласулардың түпкі нәтижесі көңіл қалауымен 1946 жылы отбасын құрды. Келер жылы Талант атты тұңғыш перзенті дүниеге есігін ашты. Олар бақытты, шексіз қуанышты болатын. Алайда жас жұбайлар алда тағдыр талқысына салатын қиын кезеңдер күтіп тұрғанын білген жоқ.

1948 жылы қазақ офицері армиядан босап, запасқа шықты. Елге қайтуға жиналып, жарымен баласын алып кетпекке бекінді. Тағдырдың соққысын қараңыз, олар бір-бірін сүйе тұра қимастықпен, сыйластықпен, келісіммен екі айырылды. Нақтысы ұзақ ойлана келе екеуі де өз жерінде, елінде өмір сүруді қалады. Ал, Талант тағдыры ше, бұларды қатты тығырыққа тірегені осы жәй болатын, оғанда екеуі жол тапқандай болды. Оған екеуі де жауапты болуға қол алысып серттесті.

Майдангер аға отбасы, туған-туыстары, ауылдастарымен қуана табысты. Ата-анасы баласының отбасылық өмірінен хабардар болғандықтан жалғыз ұлды тезірек үйлендірсек деп қолқалай бастайды. Әбекең ағамызды сыртта қалған отбасының, әсіресе, Таланттың жағдайы алаңдатқанымен ақыры қанынан жаратқан жандардың тілегі басым түсті. Сымбатты майдангер жігіт Алуаш есімді бойжеткенді табалдырықтан аттатырып, қарттардың көңілін жайландырды. Араға жылдар салып, Таланттың інісі Базаралы дүниеге келді. Тетелес інісі Талайлының өмір есігін ашуы шаңырақ шаттығын одан сайын шалқытты. Кейін-кейін барып кенжесі Балғазы әкесінің көңіліне сергектік сыйлады.

Кеңпейіл, мейірімді, парасатты ана Алуаш өзі таңдаған азаматын аса қадірледі. Тіпті әйелге тән қызғанышына бұғау салып, отағасының жат жерде қалған тұңғыш перзентімен байланыс жасауына кедергі келтірген жоқ. Мұны аналық мейірімінің бір шарасына балаған жөн шығар.

Ардақты азамат соңғы 18 жыл бедерінде үзіліссіз «Өркендеу» совхозының кәсіподақ

комитетінің төрағасы қызметін атқарып, зейнет демалысына шықты. Жұмысшылардың мүддесін қорғауда турасын айтып, әділдік танытуының арқасында ауыл тұрғындарының арасында бедел биігіне көтерілді.

Енді ағамыздың өнерпаздық қырына тоқтала кетелік. Ол туа бітті бойына дарыған өнерін неге екені белгісіз көп жылдар тасада ұстады. Оның сыры бізге беймәлім, өзіне аян. Себебі, тума өнер иесінің сахнаға шығып, жыр, термеге шындап ден қойғаны бертінде қарттықтың табалдырығына аяқ салғанда ғана. Десек те, сахна сақа азаматтың екінші тынысын ашты. Дауысы бұрынғыдан ашылып, құлашты кеңге сермеп, облысқа танымал жыршы, термешілердің қатарына жолдан емес, ортасына бір бүйірден барып төтесінен қосылды.

Негізінен, Қашаған жыраудың, Балқы Базардың, Кете Жүсіптің, Бұхар жыраудың, Нұртуғанның, Қарасақал Ерімбеттің, Мұрын жыраудың, Байназар Өтеповтың, Нұрсұлтан Жұбатовтың және өзінің жыр термелерін орындады. 1980 жылы жыршы, термешілердің облыстық байқауында лауреат атанды. Келер жылы жұртшылық Республикалық қазақ теледидарынан Әбекең ағамыздың жыршы, термешілік өнерін тамашалап, көзайым болды. 1986 жылы Қазалы халық оркестрінің құрамында Алматы қаласының көрермендеріне өнерін тарту етті. Қазақ теледидарына түсіріліп алынған жыр, термелері алтын қорға жазылды.

Ағамыздың өнерде тарланбоз атанғанының әсері шығар зейнет демалысына шыққан соң өнер жанашырлары оны қолқалап, қайта-қайта сахнаға шақырып, тіпте қызметте ұсынды. Мұны ол әуелгіде ерсілеу көргенімен, бірақ шынайы ықыласты кері серпуге дәті бармады. Осылайша, аудандық мәдениет бөліміне қарасты автоклубтың меңгерушілігіне бекітілді. Сахнамен жиі қауышып, өзіндік бөлек мәнері, мақамы бар, терме, жырлардың сөздерін анық айтып, мазмұнын халыққа ұғымды жеткізетін қабілетті азаматтың өнерін тамашалауға халық көп жиналатын. Сондықтан тума талант иесі жасы ұлғайған шағында да тұлпар шабыстың тізгінін тежемеді.

Тегінде талантты талант, мықтыны мықты ғана толық мойындайды, әділ бағалайды. Әбекең, жерлес ағасы, халық ақыны Байназар Өтеповті ерекше қадірлеп, сыйлап, талантын мойындады. Баекеннің терме, жырларын репертуарына енгізіп, шығармашылығын халық арасына насихаттады. Ал, кезінде Байназар ағасы да інісінің өнердегі жетістігіне қуанып, тілекшісі болып жылы сөзін аямады. Шабытын шалқытуға, көңіл хошын нәрлендіруге әрдайым қамқор болды. Осы өнерлі жандардың аға-інілік шынайы достығы,

адалдықпен әдептелген адами қарым-қатынастары өзгелерді тәнті етіп, өнеге үрдісін әрдайым айғақтап тұратын.

Әмітжан ағамыз 51 жасында сыңарынан айрылып, қабырғаны қаусатар қасірет пен қайғыны ақыл парасатымен жеңіп, бел бекітіп, еңсесін тіктеді. Оны айтасың, арада біраз жылдарды өткізіп барып, тіршілік қамымен, балаларының ақылымен қалмақ қызы Наталья Басановамен бас қосты. Және де Натальяның бұрынғы марқұм күйеуінен қалған Бағила, Әсем, Маратқа қамқорлық жасап, өз балаларымен туғанындай татуластырып, аға-іні, қарындастай сыйластырып, алалық көрсетпей көшелі азаматтың бекзат болмысын аңғартты.

Алымды азамат жайлы сөз еткенде өмірге әке мерейін өсірер ұрпақ әкелгенін айту ләзім. Бұл ретте алдымен тіл ұшына Әбекеңнің тұңғыш ұлы Талант есімі еріксіз ойға оралады. Сәл шегініс жасалық.

1989 жылы 7 сәуірде «Кеңес одағының «Комсомолец» атом сүңгуір қайығы Солтүстік мұзды мұхиттың батыс қолтығындағы Норвег теңізінде апатқа ұшырады» деген қысқа хабар байтақ елімізге кең тарады. Алпыс тоғыз теңізшінің қырық екісі қаза тауып, сүңгуір қайық теңіз түбіне батып кеткен. КСРО Қорғаныс Министрлігі және Кеңес Армиясы мен Әскери Теңіз Флоты Бас саяси басқармасы қаза тапқандардың отбасы мен жақын жуықтарына көңіл айтты. Өкініштісі, қаза тапқандардың арасында тегі қазалылық қазақ жігіті, Солтүстік флоты сүңгуір қайықтар құрамасы саяси басқармасының бастығы, бірінші рангалы капитан Талант Әмітжанұлы Бөрікұлақовта бар болып шықты. Жігіттің сойының экипаж мүшелерін апаттан құтқарудағы өшпес ерлігі сантарапқа жайылды. Әскери парызын орындау барысындағы ерлігі мен жанқиярлық әрекеттері үшін кейін Талант Әмітжанұлы КСРО Жоғарғы Кеңесі Президиумының Жарлығымен жауынгерлік «Қызыл Жұлдыз» орденімен наградталды.

Батыр ұлдың есімін қазалылықтарда ұлықтап, қазасына ортақтығын білдіріп, ауданнан құрылған делегация Талант бұрын қызмет атқарған Мурманск қаласына барып, Таланттың отбасында, оның қызмет бөлмесінде болып, теңізшілермен кездесіп, дивизия командирі, контр-адмирал О.А.Ерефеевтің қабылдауына қатысты. Бауырлары Базаралы мен Талайлы Талант жерленген Нижний Новгород қаласына барып, әке қабірінің басынан алынған бір уыс топырақты аға қабіріне салды.

Қызылордалықтар даңқты перзентінің есімін мәңгі есте қалдыру үшін Қызылорда қаласындағы бұрынғы Степная, Арал қаласындағы бұрынғы Комсомол, Әйтеке би кентіндегі бұрынғы Гидроузельная көшесін Талант Бөрікұлақов есімімен атады.



БІЗДІҢ ҚОҒАМДА СЫБАЙЛАС ЖЕМҚОРЛЫҚҚА ОРЫН ЖОҚ

Сыбайлас жемқорлық – бұл мемлекет қауіпсіздігіне жүйелі қауіп, мемлекет пен қоғамның тұрақтылығына қауіп төндіретін фактор. Сыбайлас жемқорлықпен күресу бүгінгі күннің күрделі мәселесі болып отыр. Жемқорлық-мемлекеттің, қоғамның дамуына тежеу болатын, болашағына кесірін тигізетін індет. Сыбайлас жемқорлықпен түбегейлі күресу үшін халықтың құқықтық сауатсыздығын жо-
ятын, құқықты түсіндіру жұмысының сапасын арттырудың маңызы зор. Қазақстан Республикасының мемлекеттік саясатының негізгі басымдықтарының бірі осы зұлымдықпен күресу

болып табылады. Сыбайлас жемқорлықпен күрес – қоғам талабы. Мінсіз қоғам – жемқорлықсыз қоғам, салауатты өмір – паракорларсыз өмір, мықты мемлекет – жемқорларсыз мемлекет.

Қоғамның барлық күш жігерін біріктіріп, осы дерттің одан әрі таралмауы үшін оған бөгет болудың барлық амалдарын қолдану арқылы ғана бұл құбылысқа тиімді түрде түбегейлі қарсы тұруға болады. Сондықтан сыбайлас жемқорлықпен күресу барлық Қазақстан Республикасы азаматтарының азаматтық борышы және адамгершілік міндеті деп білуіміз керек. Біз қазір жаңаша өмір сүріп жатыр-

мыз. Жас буынға жемқорлықтың теріс салдары туралы ақпаратты дұрыс жеткізу-олардың сыбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениетінің қалыптасуына, өз құқықтары мен міндеттерін терең ұғынып жете түсінуіне және орындауына көмектесудің алғы шарттарының бірі болып саналады. Атап айтқанда, ол үшін ең алдымен сыбайлас жемқорлыққа қарсы сана керек.

Қазіргі таңда, «Тасарық ауылдық округі әкімінің аппараты» коммуналдық мемлекеттік мекемесі бойынша сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл жөніндегі 2024 жылға арналған іс-шаралар жоспарына сәйкес жыл басынан бастап, сыбайлас жемқорлықтың алдын алу,

мемлекеттік қызметшілердің Әдеп кодексі бойынша құқықтық оқытулар өткізіліп келеді. Бұқаралық ақпарат құралдарында сыбайлас жемқорлықтың алдын алу және оған жол бермеу тақырыбында әлеуметтік желілерде (facebook,) мақалалар үнемі жарияланып отыр.

Сыбайлас жемқорлыққа қарсы сана қалыптасқан жағдайда ғана адам адамгершілікке жатқылықтардан бойын аулақ ұстай бастайды, заңға қайшы келетін әрекеттерді жасауға жол бермейді.

Ә.КӘРІБАЕВ,
«Тасарық» ауылдық округінің әкімі

ЖОҒАРЫ ОҚУ ОРЫНДАРЫН ҮЗДІК БІТІРГЕН ЖАС ТҮЛЕКТЕРДІҢ МЕМЛЕКЕТТІК ҚЫЗМЕТКЕ КОНКУРСТЫҚ ІРІКТЕУСІЗ ЖӘНЕ ТЕСТ ТАПСЫРМАСТАН ТАҒАЙЫНДАЛУ МҮМКІНДІКТЕРІ

Елімізде 2022 жылдың желтоқсан айында «Қазақстан Республикасының Мемлекеттік қызметі туралы» Заңына (бұдан әрі - Заң) енгізілген өзгерістер мен толықтыруларға сәйкес жастардың және кәсіби мамандардың мемлекеттік қызметке кіруі жеңілдетілді.

Мемлекеттік қызметке кіруді жеңілдету мақсатында Заңға енгізілген жаңашылдықтардың бірі – жоғары оқу орындарын мемлекеттік тапсырыс шеңберінде (грантпен) орташа «GPA» көрсеткіші 3,33 кем емес мәнімен аяқтаған үздік түлектерді аудандық және ауылдық деңгейдегі төменгі лауазымдарға конкурс өткізбестен уәкілетті органның келісімі негізінде қызметке тұруы.

Жоғары оқу орындарын мемлекеттік грантпен үздік бітірген жастар оқуын бітіргеннен кейін бір жыл ішінде конкурс өткізілместен «Б» корпусының бірқатар төменгі мемлекеттік әкімшілік лауазымдарына қызметке орналаса алады.

Осыған сәйкес, жастар конкурс өткізілместен және заңнамалардан ешқандай тест тапсырмастан өңіріміздегі келесідей лауазымдарға орналаса алады:

1)Қызылорда қаласынан басқа облыс аудандарының әкімдіктері мен аудандық мәслихат аппараттарының «Е-4» және «Е-5» санаттарындағы төменгі лауазымдарына;

2)Қызылорда қаласынан басқа жергілікті бюджеттен қаржыландырылатын облыс аудандарының атқарушы органдардың «D-R-4», «D-R-5», «E-R-4» және «E-R-5» санаттарындағы басшылық емес лауазымдарына;

3) кент және ауылдық округ әкімі аппараттарының «Е-G-3» және «Е-G-4» санаттарындағы

басшылық емес лауазымдарына;

4)министрліктер мен агенттіктердің облыстық аумақтық департаменттері мен инспекцияларының аудандардағы (Қызылорда қаласынан басқа) аумақтық бөлімшелерінің «C-R-4» және «C-R-5» санаттарындағы басшылық емес лауазымдарына.

Бұл білікті жастарды мемлекеттік қызметке ынталандыру, өңірлердегі кадр тапшылығын шешу үшін қабылданған норма.



2023 жылдан бері бүгінгі күнге дейін мемлекеттік грантпен жоғары оқу орындарын үздік бітірген өңіріміздегі 5 жас түлек жоғарыда көрсетілген мүмкіндікті пайдалана отырып, уәкілетті органның келісімімен төмендегі аудандық және ауылдық деңгейдегі лауазымдарға конкурстық іріктеусіз тағайындалды:

1. Жәңгір хан атындағы Батыс Қазақстан аграрлық-техникалық университетін 2023 жылы «GPA» көрсеткіші 3,58 мәнімен үздік аяқтаған Серікбай Айзат Асқарқызы «Е-G-3» санаты бойынша Арал

ауданының «Жақсықылыш» кенті әкімі аппаратының бас маманы лауазымына;

2. Академик Е.А.Бөкетов атындағы Қарағанды университетін 2023 жылы орташа «GPA» көрсеткіші 3,69 мәнімен үздік аяқтаған Сейілханова Сымбат Жайлаубекқызы «Е-G-4» санаты бойынша Шиелі ауданының «Тұран» ауылдық округі әкімі аппаратының жетекші маманы лауазымына;

3.Қорқыт Ата атындағы Қызылорда университетін 2023 жылы «GPA» көрсеткіші 3,66 мәнімен үздік аяқтаған Кәдірова Жанерке «Е-G-3» санаты бойынша Қызылорда қаласының «Талсуат» ауылдық округі әкімі аппаратының бас маманы лауазымына;

4.Әл-Фараби атындағы Қазақ Ұлттық университетін 2023 жылы «GPA» көрсеткіші 3,87 мәнімен үздік аяқтаған Атаханова Айбибі Атаханқызы «Е-R-4» санаты бойынша Қармақшы аудандық жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар бөлімінің бас маманы лауазымына;

5.М.Қозыбаев атындағы Солтүстік Қазақстан университетін 2023 жылы «GPA» көрсеткіші 3,50 мәнімен үздік аяқтаған Қасқырбай Азиза Еркебайқызы «Е-G-3» санаты бойынша Қазалы ауданының «Аранды» ауылдық округі әкімі аппаратының бас маманы лауазымына конкурстық іріктеусіз тағайындалды.

Бұл мүмкіндіктер, мемлекеттік грантпен жоғары оқу орындарын үздік бітірген жастардың жұмыспен қамтылуына, оның ішінде мемлекеттік қызметке конкурссыз орналасуына Мемлекет тарапынан жасалған үлкен қамқорлық болып табылады.

Осы ретте, 2024 жылы жоғары оқу орындарын мемлекеттік тапсырыс шеңберінде, яғни мемлекеттік грантпен «GPA» көрсеткіші 3,33 кем емес мәнімен үздік бітірген жас түлектерді жоғарыда аталған лауазымдарға конкурстық іріктеусіз және заңнамалардан ешқандай тест тапсырмастан тағайындалу мүмкіндіктерін пайдаланып отырып, мемлекеттік қызметке орналасуға шақырамыз.

Ол үшін 2024 жылы жоғары оқу орындарын мемлекеттік тапсырыс шеңберінде үздік бітірген жас түлектерден Қазақстан Республикасы Мемлекеттік қызмет істері агенттігінің Қызылорда облысы бойынша департаментінің zh.shintasov@kuzmet.gov.kz және b.nuraly@kuzmet.gov.kz электронды мекен-жайларына төмендегі құжаттарды жолдауларыңызды сұраймыз.

1.Жоғары білімі туралы диплом және оның қосымшаларының нотариалдық куәландырылған көшірмесі;

2.Жоғары немесе жоғары оқу орынын мемлекеттік тапсырыс шеңберінде 2024 жылы бітіргенін айқындайтын құжаттың нотариалдық куәландырылған көшірмесі;

3. Жеке басын анықтайтын куәліктің көшірмесі;

4. Ұялы байланыс номері. Қосымша ақпараттарды 70-57-37 немесе 70-56-26 байланыс телефондары арқылы алуға болады.

Х а б а р л а с ы ң ы з д а р , мүмкіндікті жіберіп алмаңыздар!

Бақытжан НҰРАЛЫ,
ҚР Мемлекеттік қызмет істері агенттігінің Қызылорда облысы бойынша департаментінің бас маманы

ТЕКТИНІҢ ТҰЯҒЫ, АСЫЛДЫҢ СЫНЫҒЫ

(Соңы. Басы 2 бетте)

Әбекеңнің ортаншы баласы Базаралы ұзақ жылдар «РЗА» акционерлік қоғамында шеберхана меңгерушісі болып, Талайлы қаржы бақылау комитетін, салық комитетін, аудандық мәслихатты, аудандық жұмыспен қамту, әлеуметтік бағдарламалар және азаматтық хал актілерін тіркеу бөлімін басқарып, зей-

нет демалысына шықты. Кенжесі Балғазы әке шаңырағының иесі.

Негізінде Әмитжан ағамызды ауылдың үлкен қариялары, ақсақалдары тегіне тартқан азамат деп бағалайды. Өйткені Әбекеңнің атасы Өтеген Сыр бойының атақты байы, әрі биі болған. Ал, әкесі Бозғұлан (Әмитжан аға әкесінің ағасы Бөріқұлақтың

тәрбиесінде болған.) бауырларына қамқоршы, ағайынның ауызбіршілігі мен ынтымағын ұйыстырған тұлға. Оның 1923 жылы әкесі Өтегенге ас бергені халық арасына аңыз болып тараған. Асқа Әлім, Шөменнің игі жақсылары, қазақ жұртының шенділері шақырылып, 250 үйде жайланған. Осындай аста-төк дүниенің иесі Бозғұлан 1931

жылы Кеңес Өкіметінің шолақ белсенділерінің кесірінен зобалаңға, репрессияға ұшырап, мал-мүлкі тәркіленіп, Ташкент қаласының маңына жер аударылып, сотталып, хабарсыз кеткен. Содан кейінгі дерек жоқ. Әбекеңді көпшілік тектінің тұяғы, асылдың сынығы дейтіні сондықтан.

**Раушанбек СЕЙТЕНОВ,
«Тұран-Қазалы»**

МЕМЛЕКЕТТІК ҚЫЗМЕТШІЛЕРДІҢ КӘСІБИ-ТҰЛҒАЛЫҚ БОЛМЫСЫН ЖЕТІЛДІРУ БАСТЫ НАЗАРДА

2024 жылдың ақпан айында Қазақстан Республикасының Мемлекеттік қызмет істері агенттігі Төрағасының бұйрығымен «Мемлекеттік қызметшінің кәсіби-тұлғалық болмысын жетілдіруге бағытталған Қадамдық жоспар» (бұдан әрі – Жоспар) бекітілген.

Аталған Қадамдық жоспар мемлекеттік қызметшілердің құқықтық сауаттылығын және кәсіби дағдыларын арттыруға, олардың кәсіби-тұлғалық болмысын жетілдіруге, сондай-ақ қызметтік әдеп стандарттарын дамытуға және қоғамға қызмет ету мақтанышын қалыптастыруға ықпал ететін қасиеттердің жиынтығы болып табылады.

Осы маңызды ұмтылысқа жету жолында бес негізгі қасиеттерді мемлекеттік қызметшілердің бойына дарыту көзделген. Олар:

«Құқық білгірі»: мемлекеттік қызметшілердің құқықтық сауаттылығын арттыру заңнаманы түсіндіруді ғана емес, сонымен қатар нормаларды қолдануға ықпал ететін зияткерлік қабілеттерді қалыптастыру;

«Өз ісінің шебері»: кәсіби дағдыларды дамыту арқылы мүмкін болатын құзыреттіліктің жоғары деңгейіне жету;

«Мінез-құлық үлгісі»: кәсіби мінез-құлық стандарттарын белгілеу арқылы қызметтік әдеп нормаларын мемлекеттік қызметшілердің күнделікті іс-әрекетінің ажырамас бөлігіне айналатын мәдениетті қалыптастыру;

«Халықтың қызметшісі»: ақпараттық науқандар арқылы қоғамға, елге қызмет етудің мақтанышын қалыптастыру, сонымен қатар мемлекеттік қызметтің қоғамның әл-ауқаты үшін маңыздылығын насихаттау;

«Көшбасшы»: мемлекеттік қызметшінің кәсіби және жеке басын үздіксіз жақсартуды қамтамасыз ету үшін қажетті қадамдар.

Аталған Қадамдық жоспарды жүзеге асыру мақсатында 2024 жылдың басынан бастап Департаментпен біршама шаралар атқарылуда.

Оның ішінде, мемлекеттік қызметшілердің қызметтік іс-сапарларға бару және оларға еңбек демалысын беру, мемлекеттік органды тарату немесе қайта ұйымдастыру, штат санын қысқарту, мемлекеттік орган ішіндегі басқару құрылымын өзгерту, сыйлықақы мен бонустар төлеу, материалдық көмек

көрсету кезінде құқықтардың сақталуына талдау жұмыстары жүргізілді. Сондай-ақ, мемлекеттік қызметшілердің тәртіптік жауаптылығын қарау және қызметтік тергеп-тексеру жүргізу мәселелері бойынша семинар-тренингтер өткізілді.

Сонымен қатар, Департамент тек қана құқықтық оқытуларды жүргізумен шектелмей, ұлттық құндылықтарды және еріктілер қозғалысын насихаттау мақсатында да тиісті іс-шаралар өткізді.

Мәселен, 2024 жылдың 17 мамырында Департаменттің және Жаңақорған ауданы әкімдігінің ұйымдастыруымен «Отбасым – үйім, отбасым – тірегім» атты мемлекеттік қызметшілер арасында отбасылық байқау өткізілді. Байқауға мемлекеттік қызмет атқаратын 5 отбасы қатысып, байқауға қатысушылар I, II, III дәрежелі дипломдармен және бағалы сыйлықтармен марапатталды.

Сондай-ақ, 2024 жылдың 10 шілдесінде Департаменттің және Сырдария ауданы әкімдігінің ұйымдастыруымен ұлттық салт-дәстүрлерді насихаттау, дәстүр құндылықтарын жаңғырту және мемлекеттік қызметшілердің оң имиджін қалыптастыруға бағытталған «Дәстүрден тағылым» атты мемлекеттік қызметшілер арасында аудандық конкурс ұйымдастырылды.

Конкурс өткізу нәтижесімен барлық қатысушыларға арнайы дипломдар және бағалы сыйлықтар табысталды.

Бұдан бөлек, еріктілердің жұмыс нәтижелерін талқылау, проблемалық сәттер мен мәселелерді болдырмау, тиімді жұмыс істеу мүмкіндіктерін одан әрі жетілдіру және еріктілер жұмысындағы оң тәжірибелер бойынша пікір алмасу мақсатында ағымдағы жылдың 17 мамырында Жаңақорған ауданында облысымыздың еріктілері арасында кездесу өткізілді.

Шараға игі істерімен өз үлесін қосып жүрген азаматтар, волонтерлік клубтар мен қоғамдық ұйым өкілдері, сондай-ақ Департаменттің жанынан құрылған «Еріктілер кеңесі» консультативті-кеңесші органының мүшесі, Департамент өкілі С.Жумаев қатысып, еріктілердің қоғамдағы аса маңызды рөлін, мемлекеттік органдардың волонтерлік ұйымдармен тығыз байланыста жұмыс істеу қажеттілігін және ізгі істермен айналысуға ниет білдіруші мемлекеттік қызметшілердің үлесі күннен күнге артып

келетінін атап өтті. Сондай-ақ, шара барысында қатысушылар игілік жолындағы оң тәжірибелерімен алмасып, кеңестің жұмысын жақсарту және оның алдына қойылған міндеттер мен мақсаттарды іске асырудағы тиімді шараларды нақтылау жөнінде ұсыныс-пікірлерімен бөлісті.

Айта кету керек, елімізде еріктілердің қызметі айтарлықтай дамуда. Бүгінде қайырымдылық іспен айналысып, қоғамның дамуына өз септігін тигізіп жүрген азаматтардың үлесі артқанын байқауға болады. Еріктілер – бұл өз ынтасымен азаматтық қоғамның игілігі үшін әрекет ететін, өзінің білімін, уақыты мен күшін материалдық сыйақы алуға немесе ақы төленетін жұмысқа емес, бірлескен әлеуметтік күш үшін арнайтын адамдар.

Сондай-ақ, Қадамдық жоспар аясында 2024 жылдың 24 маусымында «Мемлекеттік қызметтегі әйелдердің құқықтық жағдайы және гендерлік саясат мәселелері туралы диалогтық алаң» тақырыбында шара өткізілді.

Аталған шараға департамент басшылығы, сондай-ақ мемлекеттік қызметте және үкіметтік емес ұйымдарда қызмет атқаратын әйелдер қатысты.

Шара барысында мемлекеттік қызметтегі тең жағдайлар мен мүмкіндіктерді қамтамасыз ету мәселелері талқыланып, гендерлік теңдік, таланттар бәсекелестігі жағдайындағы жастардың мансаптық ілгерілеуі, кибер қауіпсіздік, жасанды интеллект, инклюзивті қоғамды дамыту бойынша құқықтық негіздерді одан әрі қалыптастыруға және басқа да мемлекеттік қызмет саласын дамытуға бағытталған ұсыныстар айтылды.

Алдағы уақытта мемлекеттік қызметтің имиджін нығайту, мемлекеттік қызметшілердің жұмысының тиімділігі мен сапасын жақсарту мақсатында аумақтық департамент Қадамдық жоспар аясында басқа да шараларды өткізуді жалғастыратын болады.

**Т.НҰРТАЕВ,
Қазақстан Республикасы
Мемлекеттік қызмет
істері агенттігінің
Қызылорда облысы
бойынша департаментінің
мемлекеттік қызмет
саласындағы бақылау
басқармасының
басшысы**

Меншік иесі: «ТҰРАН-ҚАЗАЛЫ»
жауапкершілігі шектеулі серіктестігі.

ДИРЕКТОР
Нұрбол ӘЛМӘМБЕТОВ

БАС РЕДАКТОР
Раушанбек СЕЙТЕНОВ

Газет Қазақстан
Республикасының Ақпарат
Министрлігінде 2004 жылғы
15 наурызда тіркеліп, №4801-г
куәлігі берілген

Газет аптасына екі рет: сәрсенбі және сенбі күндері шығады.
Газет «Тұран-Қазалы» жауапкершілігі шектеулі серіктестігінің баспаханасында компьютермен теріліп, беттеліп, офсеттік тәсілмен басылды.
Редакция мен баспахананың мекен-жайы: 120400, Қызылорда облысы, Қазалы ауданы, Әйтеке би кенті, Қ.Пірімов көшесі, №14 үй.
Телефондар: директор - 2-17-49, бас редактор - 2-47-77, бухгалтер -2-60-94, факс 8 (724-38)2-17-49.
Тарату аумағы: Қызылорда облысы.
Газет табыс етілмесе, 2-13-91 телефонына хабарласуға болады.
Жариялымдар газеттің түпкілікті көзқарасын білдірмейді. Жарнама мазмұнына жарнама беруші жауапты.

E-MAIL: tooturankazaly@mail.ru

Таралымы 11107 дана.